



**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан  
бөлінетін қаражаттың мақсатты, заңды және  
тиімді жұмсалуды бақылау және оған мониторинг  
жүргізу схемасы**

**Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі  
Алматы 2009**

# Ұлттық қордан бөлінетін қаражат бойынша мониторинг және ішкі бақылау жүргізу схемасы (ақпарат ағыны)



# Жұмыс тобының мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-әрекет жасауының схемасы



## Есептілік нысандарына түсініктеме

1.	Екінші деңгейдегі банктер кемінде аптасына бір рет «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-ға қоса берілген нысанға жөнінде мәліметтер береді. «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ есепті айдан кейінгі айдың 12-ші жұмыс күнінен кешіктірмей әрбір заемшы бөлігінде аталған ақпаратты құқық қорғау органдарының Үйлестіру Кеңесіне береді
2.	Қажеттілігіне қарай тиісті сұрату болған кезде «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның еншілес ұйымдары, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ, сондай-ақ банктер сұрату алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде құқық қорғау органдарының Үйлестіру Кеңесіне заемшылар туралы қосымша ақпарат (кредиттік комитеттің шешімін және заем шарты туралы мәліметтерді, алынған зем бойынша ақша қозғалысы мен кредиттеу жөніндегі басқа да құжаттаманы) береді
3.	«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ банктерден, олардың еншілес ұйымдарынан және екінші деңгейдегі банктерден алынатын ақпаратты жинақтауды жүзеге асырады және есепті айдан кейінгі айдың 12-ші жұмыс күнінен кешіктірмей Жұмыс тобының мүшелеріне есепті күндегі жағдай бойынша тұрақтандыру бағдарламалары, екінші деңгейдегі банктер мен «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның еншілес ұйымдары бөлігінде Ұлттық Қордан тартылған қаржыландырудың нақты игерілгені жөніндегі ақпаратты береді
4.	Екінші деңгейдегі банктер Жұмыс тобының жұмыс органының сұратуы бойынша 1 күн ішінде нақтыланған қосымша ақпаратты береді
5.	Құқық қорғау органдары Үйлестіру Кеңесі белгілеген тәртіппен соңғы заемшыларды, банктерді, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ және олардың еншілес ұйымдарын олардың берген заемдары мен соңғы заемшылардың «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ белгілеген, Ұлттық Қордан тартылған қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалыу критерийлеріне сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады». Құқық қорғау органдары Жұмыс тобының мақсаттары мен міндеттерінің шегінде Жұмыс тобының жұмыс органына тексеру нәтижелері туралы ақпарат береді
6.	«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің жанындағы Мамандандырылған комитеттері қаражаттың мақсатты және тиімді игерілуін ішкі бақылау нәтижелері жөніндегі ақпаратты жинақтайды. Жұмыс тобының мақсаттары мен міндеттері шегінде Жұмыс тобының жұмыс органына ішкі тексеру нәтижелері туралы ақпарат береді
7.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі айына 2 рет Жұмыс тобының жұмыс органына «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның және банктердің арнайы шоттарындағы қалдықтар туралы ақпарат береді
8.	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі банктерді, оның ішінде кредиттік бюроға берілетін ақпараттың шынайылығы, Ұлттық Қордан бөлінетін қаражат есебінен берілген кредиттерді жіктеу бөлігінде қадағалауды жүзеге асырады. Банктерді берілген заемдар мен соңғы заемшылардың «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ белгілеген, Ұлттық Қордан тартылған қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалыу критерийлеріне сәйкес келу мониторингі мәніне ішкі бақылау жасау қызметін тексеруді жүзеге асырады